




*Оқушылардың оқу мәдениетінің
деңгейін және оқу белсенділігін
арттыруға бағытталған*

«8 МИНУТТЫҚ ОҚУ»

ЖОБАСЫ



«8 МИНУТТЫҚ ОҚУ» жобасы

ЖОБАНЫҢ МИССИЯСЫ: білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, танымдық көзқарасын кеңейту

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- Танымдық көзқарасты кеңейту үшін жоспарлы түрде кітап оқуды дамыту;
- Кітап оқу мәдениетін, дағдысын қалыптастыру;
- 8 минуттық кітап оқу дағдысын күнделікті оқу процесіне енгізу.



КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ

01 Оқушылардың сөйлеу мәдениеті дамиды, ойын еркін жеткізеді

02 Оқыған кітабының мәтінін талдап үйренеді, зерделейді

03 Кітап оқу дағдысы қалыптасады

04 8 минуттық кітап оқу дағдысы күнделікті оқу процесіне енеді



Жүзеге асыру механизмі




Жобаның ережесіне сәйкес күнделікті әр ауысымның бірінші сабағы 8 (сегіз) минуттық көркем әдебиет кітабын оқудан басталуы тиіс. Әр педагог сабақтың алдында оқушыларға көркем әдебиет кітабын оқуды ұсынады, сегіз минут өткен соң, барлық оқушылар кітаптарын жауып екі минут тынығып алып, мұғалім сабақты бастайды



Оқуға ұсынылған кітап әр-түрлі-электронды форматта және қағаз түрінде, ол көркем әдебиет кітабы, қызықты мақалалардың көшірмелері немесе ғылыми журналдар болуы мүмкін

А



йына бір рет (әр айдың екінші аптасында) ата- анасымен бірге кітап оқулары жүргізіледі және оқыған кітаптарының нәтижелерін қорытындылау мақсатында әр айдың соңғы жетісінде Readx форматындағы іс-шара өткізіледі






Оқушылар:



сыныпта тыныштық орнатып, кітапты жеке оқуларыңыз көзделеді. Әр оқушы өзінің жеке оқу техникасын пысықтауы керек



Педагогтер:



мұғалімге сегіз минуттық оқу кезінде педагогикалық-психологиялық кітаптарды оқуына кеңес беріледі

Жоба аясында ұсынылған шығармалар мен туындылар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында қалыптастырылған әдебиеттер тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады



Әдебиеттер тізімі

Тізбеде бүкіл кезеңдер мен мектептерді қоса алғанда отандық әдебиет пен әлем әдебиетінің ең озық, әрі таңдаулы шығармалары қамтылған

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары:

«8 минуттық оқу» жобасы барлық мектептерде жүзеге асырылмақ, егер балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық бірыңғай білім беру кеңістігін ұйымдастыру, балалардың мектепке сәтті бейімделуі болса **«8 минуттық ертегі тыңдау»** жобасын балабақшадан бастау ұсынылады



Балалардың ауызекі сөйлеуін дамытып, сөздік қорды қалыптастыру мақсатында тәрбиелеу – білім беру процесінде күн тәртібіне сәйкес балаларды қабылдап, таңертеңгі жаттығудан, таңғы астан кейін балалардың күнделікті ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу іс-әрекетінің алдында тәрбиешілер **8 (сегіз) минуттық ертегі оқуды** жүзеге асырады, яғни балалардың әрекетін **ертегі тыңдаудан** бастау ұсынылады